



Ұлттық ұланның үлесі



Ұлттық ұлан әскери қызметшілері еліміздегі төтенше жағдай кезінде қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті күзету бойынша тапсырмаларды орындаумен қатар, қайырымдылық шараларға да қатысуда. Әлеуметтік аз қамтылған азаматтарды қажетті азық-түлік және санитарлық қорғаныс заттарымен қамтамасыз етуге бағытталған «Біз біргеміз!» республикалық акциясы аясында Ұлттық ұланның әскери қызметшілері 400-ден аса отбасыға көмек көрсетті.

Дарын СЕЙТОВ,
Нұр-Сұлтан

Жуырда елордалық ұландықтар 5573 әскери бөлімі командирінің орынбасары подполковник Ерлік Ықыласовтың басшылығымен интернационалист-жауынгер, ауған соғысының ардагері, запастағы полковник Владимир Марковтың үйіне барып қайтты. Әскери қызметшілер ардагерге қорғаныс қолғаптары мен бетперделер апарып берді.

Саналы ғұмырының 37 жылын құқықтық тәртіп әскеріне арнаған және ауған соғысының сұрапыл майданынан өткен ардагер

әскери қызметшілерге алғысын білдіріп, бұл көмектің маңыздылығын атап өтті.

Осы іспетті акция Қарағанды қаласында да жүзеге асырылды. Ұлттық ұлан 52859 әскери бөлімінің Әйелдер кеңесі, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Мария Фатеева және әскери бөлімнің Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақыт Дубәкіров ҰОС ардагері Алексей Пичугинге барып, оған күнделікті қажет болатын азық-түлік апарды. Өмірдің бірнеше белесін еңсерген ардагер әлі де болса тың. Көрсеткен көмектері үшін ұландық әскери қызметшілерге алғысын білдіріп, қызметтеріне зор табыс тіледі.



Петропавлдағы әскери қызметкерлердің жанұялары да назардан тыс қалған жоқ. 6637-әскери бөлімі командирінің тәрбие жұмыстары бойынша орынбасары, подполковник Кенжеболат Балтабаев құқықтық тәртіп әскерінің ардагерлері Виктор Лахтин мен Шаймұрат Мұқашевқа, әскери қызметкерлердің көп балалы отбасылары мен мүгедек балаларды асырап отырған отбасыларға кіріп шықты. Тұрмысқа аса қажетті тауарларды «Оазис» ЖШС кәсіпкерлері бөлді. Айттып өту керек, аталмыш кәсіпкерлер өңірдегі әскери бөлім сарбаздарын азық-түлік заттарымен қамтамасыз етіп отыр.

Сондай-ақ, «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығына қарасты 5571 әскери бөлімінің әскери қызметшілеріне Алматы қаласының әкімдігі 115 қорап азық-түлік өнімдерін бөлді. Аталған әскери бөлімнің жауынгерлері осындай қиын-қыстау күндері алып шаһар тұрғындарының тыныштығын күзетуде қырағылық танытуда. Әскери бөлімнің қоғамдық ұйымдары тіршілікке қажетті өнімдер салынған қоржындарды әлеуметтік әлсіз әскери қызметкерлер отбасыларына, көп балалы және мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеуші отбасыларға, соғыс және әскери бөлім ардагерлеріне үлестіріп шықты.

«Біз біргеміз» акциясы аясында Ұлттық ұлан жергілікті атқарушы билік органдары, «Нұр Отан» партиясының филиалдары, бизнес құрылымдармен бірлесіп, 400-ден аса әлеуметтік әлсіз әскери қызметшінің отбасына, Ұлы Отан соғысы мен тыл және әскер ардагерлеріне тегін азық-түлік құрамын беру арқылы 4 млн теңгені құрайтын әлеуметтік көмек көрсетті.

Акция Нұр-Сұлтан, Алматы, Талдықорған, Шымкент, Қарағанды, Орал, Ақтөбе, Ақтау, Атырау, Жаңаөзен, Петропавл, Көкшетау, Қостанай және Степногорск қалаларында өтті.



3-бет

Олар да отбасын сағынып жүр

Елдегі төтенше жағдай тұсында полиция қызметкерлері күндіз-түні қалтқысыз қызмет етіп, қоғам тыныштығын күзетуде. Ал оларды үйінде ата-анасы мен отбасы күтіп отыр. Ұл-қыздары қайта-қайта терезеге қарап, жол тосуда.



4-бет

4500 сағатын су астында өткізген ардагер

Бүгін өңірлік Төтенше жағдайлар департаментінің «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» ММ бастығының орынбасары Владимир Власов 65 жылдық мерейтойын атап өтіп жатыр. Облыстық Төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Самат Асаинов мерейтой иесін құрметті еңбек демалысына шығуымен құттықтап, оған алғыс хат табыс етті.



6-бет

«Сергек» мобильді қосымшалары қалай жұмыс істейді?

Пандемияға қарсы іс-қимыл бойынша еліміздің қалаларындағы жедел штабтардың жұмысын автоматтандыру және оңтайландыру үшін «Көркем Телеком» компаниясының мамандары полиция қызметкерлерінің планшеттеріне арналған «Сергек. Блок-бекет. Карантин» және «Сергек. Патруль» арнайы мобильді қосымшасын әзірледі.

Гүлсім ХАЛЕЛҚЫЗЫ,
Нұр-Сұлтан

Қалалардағы жедел штабтағылар полиция қызметкерлері пайдалану үшін барлық қалалар және тосқауыл бекеттері арқылы өтуге рұқсат етілген адамдар мен көліктер тізімін қалыптастырып, жүктейді.

«Сергек. Блок-бекет» қосымшасы карантин енгізілмеген қалалар мен облыстардағы тосқауыл бекеттерінен өтетін адамдар мен көліктерді жедел әрі сырттай тұрып тіркеуге мүмкіндік береді. Осы арқылы мемлекеттік органдар көші-қон легін бақылап, қажет болған жағдайда коронавирусты жұқтырғандармен байланысқа түскендерді іздеу барысында

базадағы ақпараттарды пайдалана алады.

«Сергек. Карантин» қосымшасы жедел штаб қалыптастыратын «ақ тізім» бойынша карантин енгізілген және кіріп-шығу шектелген қалалардағы тосқауыл бекеттері арқылы өтуге рұқсат етілген адамдар мен автокөліктерді автоматты түрде анықтайды.

«Сергек. Патруль» қосымшасы адамдар мен автокөліктердің қозғалысын тіркеу арқылы шектеулі қозғалыс режимін бұзатын адамдарды анықтауға көмектеседі.

Планшеттердегі барлық ақпарат бірыңғай республикалық серверге түседі. Сол арқылы аймақтардағы жекелеген тосқауыл бекеттеріндегі, сонымен қатар республика бойынша



статистика шығарылады. Бұл есептер барлық облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың жедел штаб басшыларына қолжетімді.

Компания сарапшылары «Сергек» қоғамдық және жол қауіпсіздігі жүйесі істеп тұрған қалаларда жол трафигін мониторингілеу арқылы

тұрғындардың өз-өзін оқшаулау индексін есептейді.

Компания мамандары ауылшаруашылық жұмыстарына және тұрғындардың тіршілігін қамтамасыз етуге жұмылдырылатын көліктер тізімін интеграциялау бойынша уәкілетті органдармен бірлескен жұмысқа басымдық береді.

Грузияның түрме жүйесін реформалау тәжірибесі

«Сақшы» газетінде жарияланған алдыңғы мақалада Грузия полициясын реформалаудың негізгі бағыттары мен Қазақстандағы құқық қорғау жүйесін жаңғырту кезінде алынған тәжірибеге тоқталған едік.



7-бет

Егор-Жора – Жұмабайдың баласы

Сонау сұрапыл соғыста қан майданның қақ ортасында жүріп, фашистермен шайқасқан миллиондаған жауынгер ерлікпен қаза тапты. Талай қаланың құл-талқаны шығып қирады. Талай ана жесір, талай бала жетім қалды.

ИСПАНИЯ

МАМЫРДЫҢ ОРТАСЫНА
ДЕЙІН ҰЗАРДЫ

14 наурыздан бастап карантин енгізілген Испанияда соңғы 24 сағатта коронавирустан 435 адам қайтыс болды.

Осылайша елде вирустан қайтыс болғандардың жалпы саны 21 717 адамға жетті. Испания премьер-министрі Педро Санчес төтенше жағдайды ұзартуға өтініш беретінін мәлім етті. Сәрсенбі күні оның ұсынысы Парламент талқылауына шығарылады. Егер мақұлданса, елде карантин осы жылдың 9 мамырына дейін ұзартылады.

Әр сенбі Санчес Испания үкіметінің ғылым комитетімен коронавирус жағдайы туралы есепті тыңдау үшін видеоконференция өткізіп жатыр. Карантин 26 сәуірде тағы 15 күнге созылуы мүмкін.

Еске салайық, елде 205 000 коронавирус жағдайы тіркелді. Осылайша, Испания Италиядан «асып түсіп», ауру жұқтырғандар саны бойынша әлемде екінші орында тұр.

Inform.kz

ТАИЛАНД

СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН
ТАСБАҚАЛАР ОРАЛДЫ

Таиландтың танымал жағажайларында сирек кездесетін тасбақалар тобы 20 жыл ішінде алғаш рет пайда болды. Коронавирустың салдарынан курорттар босап қалды.



Соның нәтижесінде экологтар соңғы жылдары азая бастаған жануарларды Пхукет жағажайларынан кездестірді. Туристердің жоқтығынан сирек кездесетін тасбақалар да жұмырталарын тастай бастаған.

Бұл туралы The Sun хабарлады.

Айта кетсек, Таиландтағы ең ірі теңіз тасбақалары жойылып кету қаупінің алдында тұр. Сонымен қатар аймақта басқа да теңіз жануарлары мен дельфиндер көбейген.

24.kz

РЕСЕЙ

«ЯНДЕКС»-ТІҢ МЕССЕНДЖЕРІ
ПАЙДА БОЛДЫ

Ресейлік «Яндекс» интернет-компаниясы өзінің мессенджерін шығарғаны туралы жариялады.



«Компанияның мәлімдеуінше, мессенджер компьютерлер мен iOS және Android негізіндегі мобильді құрылғыларда қолжетімді болады», деп жазды iz.ru. Бағдарлама арқылы мәтіндік хабарламалар жіберіп, сонымен қатар аудио және бейне қоңыраулар жасауға болады.

Сондай-ақ компания мессенджердің мәтінді шифрлайтын функциясы болады деп атап өтті.

– «Яндекс» жасаған SpeechKit технологиясының көмегімен дыбыстық хабарламаларды мәтінге айналдыруға болады, – дейді құрастырушылар.

24.kz

16 мыңнан астам қызметкерге
үстемеақы аударылды

Елімізде наурыз айында қауіпті аумақтарда жұмыс істеп жүрген 16 мыңға тарта медициналық қызметкер үстемеақы алды.

– Мемлекет басшысының санитарлық-эпидемиологиялық саладағы күрделі кезеңде еңбек етіп жатқан дәрігерлерді қаржылай қолдау туралы тапсырмасына сәйкес 40 млрд 400 млн теңге бөлінді. Коронавирус инфекциясымен күреске тартылған медицина қызметкерлеріне наурыз айында барлық 17 аймақта үстемеақы берілді, – деді Қазақстанның бас мемлекеттік санитар дәрігері Айжан Есмағамбетова ОКҚ-да онлайн режимде өткен баспасөз мәслихатында.


Оның айтуынша, медицина қызметкерлеріне осы мақсатта 3 млрд 200 млн теңге аударылған.

– Наурыз айында коронавирус инфекциясын жұқтыру қаупінің дәрежесіне қарай үш топтағы 16 453 қызметкерге үстемеақы аударылды. Қауіптің бірінші тобындағы

1 366 адам, екінші тобындағы 7 186 адам және үшінші тобындағы 7 901 адам үстемеақыға ие болды, – деді ол.

Айта кетейік, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев санитарлық-эпидемиологиялық саладағы күрделі кезеңде еңбек етіп жатқан дәрігерлерді қаржылай қолдаудың жаңа пакеті қажет екенін айтқан болатын. Наурыздың 30-нан бастап Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау шеңберінде мемлекеттік комиссия эпидемияға қарсы күресіп жатқан медицина қызметкерлеріне ай сайын еңбекақыларына белгілі мөлшерде үстемеақы төлеу туралы шешімді бекітті. Осы бұйрыққа сәйкес тәуекелдің үш тобы анықталып, олар 380 мың теңгеден 850 мың теңгеге дейін үстемеақы алуы тиіс.

Inform.kz

Қызметкерлер кеңсені сағына
бастады ма?

Карантин кезінде үйінен жұмыс істеп отырған қызметкерлердің 63,6 пайызы қайтадан кеңсеге оралғысы келеді. Nege.kz әлеуметтік сауал жүргізіп, оның бірнеше себебін анықтады.

Сәйкесінше, қалған 36,4 пайызы жұмысын үйден жалғастыра беруге кет әрі емес. Сонымен бірге сауалға қатысқандардың 51,5 пайызы үйде отырып жұмыс істеу өздерінің еңбек өнімділігін төмендеткен жоқ деп санайды. Жалпы, респонденттердің 73,1 пайызы кеңседе бар жұмысқа қажет құралдардың үйде жоқтығымен келіседі.

Осы тақырып төңірегінде Nege.kz қазір үйде отырған ірі банктің қатардағы қызметкерімен тілдескен болатын.

«25 наурыздан бері үйде жұмыс істеп отырмын. Қазір кеңсеге қайт десе, жұмыс орнына қуана барар едім. Себебі үйде отырып толыққанды жұмыс процессіне кіру мүмкін емес. Немесе ол үшін бөлек бөлме болғаны дұрыс. Біздің пәтер екі бөлмелі болғандықтан, бір бөлмеде балалармен бірге отырамыз. Мен жұмыс істеймін, олар сабақ оқиды» – дейді Жандос.

Сақтандыру компаниясында қызмет ететін Асқар есімді азамат та, үйде отырып, клиенттермен жұмыс істеу психологиялық тұрғыдан ауыр екенін айтады. Сонымен бірге сканер, принтер сынды қажетті құрылғылар жоқ.

«Үйде отырғанның тек бір артықшылығы, Алматыдағы көлік кептелісін ескергенде мен бензинге күніне кем дегенде мың теңге, ал түскі асқа 1 200 теңге құртып келдім. Жақында есептесем, үйде отырғандықтан, 40 мың теңгедей үнемдеген екенмін».

Nege.kz

Өрттен құтқарған
қазақстандықты марапатқа ұсынды

Оңтүстік Кореяда Қазақстан азаматы өрт кезінде 10 адамды құтқарып, мемлекеттік марапатқа ұсынылды.

Түркістандық Әли отбасымен бірге 2017 жылы Ян Ян шипажайы қалашығына жұмыс іздеп келген. Оқиға өткен айда болған. 23 наурыз күні түнгі сағат 11.00-де түтін иісін сезген. Сөйтсе, көрші пәтерлердің бірінде өрт шыққан. Өрт болған бөлме ішінде әйел қалып қойған. Әли ол бөлменің есігін аша алмай, пәтерге газ құбырымен және телекабельмен өрмелеп шығып, ішіне кірген. Өкінішке қарай, өрт шыққан пәтерде болған әйел кейіннен ауруханада көз жұмған. Отандасымыз өзге көршілерін оятып үлгерген. Соның арқасында олар дер кезінде сыртқа шығып, аман қалған.

– Ішке кіріп, есікті ашып шыққан соң өрт сөндірушілер келді. Жедел жәрдем, бәрі келді. Кәріс әйелді ауруханаға дейін апарды, көмектесті, – деді Әли.

Жерлесіміз ерлігі жайлы да, өрт кезінде денесін күйік шалғаны туралы да туыстарына тіс жармапты. Медициналық көмектен де бас тартқан. Алайда көршілері бой бермей, оны ауруханаға жеткізіп, емге кететін шығынды өздері төлеген.

– Кеше газетте, интернетте, сосын фейсбукте шыққаннан кейін үйдегілер көріп, анам жылап жіберді. Ол білмейтін еді. Көрді. Қолым, құлағым, мойным дәкемен оралған. Жұмыста ондай-ондай болды, құлап түстім дедім, – деді Әли.

Әли жақында үйіне қайтады. Рейс 1 мамырға жоспарланған. Алайда көршілері оның кеткенін қаламайды. Сондықтан Оңтүстік Корея Президентінің атына хат жазып, жерлесімізді марапатқа ұсыну туралы өтініш білдіріпті. Көршілері елдің Әділет министрлігіне де оның ерлігі жайлы жазылған мақалалар ұсынған. Соның арқасында оның Кореяда жүріп-тұру уақыты ұзартылды.

Inform.kz

1,5 мың азамат әскери
жиындарға шақырылады

«Әскери міндеттілерді 2020 жылы әскери жиындарға шақыру туралы» бұйрық жобасы әзірленді.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабы 1) тармақшасындағы талаптарға сәйкес Қорғаныс министрінің «Әскери міндеттілерді 2020 жылы әскери жиындарға шақыру туралы» бұйрығының жобасы әзірленді» деп хабарлады Қорғаныс министрлігінің баспасөз қызметі.

Аталған бұйрыққа сәйкес 2020 жылы әскери жиындарға 1500 әскери міндеттілер шақырылмақ. Бұйрық жобасымен танысу үшін gov.kz сілтемесі арқылы өту керек.

Айта кетсек, әскери жиындар – бұл әскери міндеттілер мен азаматтардың әскери даярлық бойынша білім алуы мен оны жетілдіруі мақсатында, сондай-ақ ҚР заңдарында көзделген өзге де жағдайларда әскери басқару органдары, уәкілетті мемлекеттік органдармен өткізетін іс-шаралары. Олар жиі түрде, жылына бірнеше рет өткізіледі.

Inbussines.kz

Қырыққабатты
тегін таратты

Жетісайлық кәсіпкер төрт тонна қырыққабатты қайырымдылыққа жұмсады.

Елде болып жатқан төтенше жағдай кезінде Жетісай ауданының Атамекен ауылдық округінің жеке кәсіпкері – «Атамекен – Агро» ЖК басшысы Шынболат Қындыбайұлы және әжелер алқасының төрайымы Айжамал Қоңырбаеваның ұйымдастыруымен ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне төрт тонна қырыққабат және 300 дана бетперде қайырымдылық ретінде тегін берілді.

Екі тонна қырыққабат және бетперделер ауданымыздағы Жетісай қаласында тұратын 52 жалғызбасты қарттарға, 19 аз қамтамасыз етілген отбасыларға және екі тонна қырыққабат Асықата кентіндегі 46 жалғызбасты қарттарға, 42 мүмкіндігі шектеулі балаларға және 12 аз қамтамасыз етілген отбасыларға берілетін болады.

– Өз тарапымыздан қиын-қыстау күнде қол құсырып отырмай, демеу көрсете білгені үшін ауданымыздың кәсіпкерлеріне шынайы ризашылығымызды білдіреміз, – дейді Жетісай ауданы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Әділхан Әжанов.

otyrar.kz

Тасқыннан төнетін қауіп жоқ



Бұл жөнінде ОКҚ-де өткен өңірлерде су тасқыны кезеңінің өтуі және қабылданып жатқан шаралар туралы брифингте айтылды.

21 сәуірде Орталық коммуникациялар қызметінде өңірлерде су тасқыны кезеңінің өтуі және қабылданып жатқан шаралар туралы брифинг өтті.

ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары Юрий Ильин ақпарат бергендей, су тасқыны кезеңін қауіпсіз өткізу мақсатында өңірлерде мұзды қопсыту (236 жару

жұмысы), арықтарды, арналарды (12 мың шақырым) және автомобиль мен темір жолдар астындағы су өткізу құрылыстарын (25,6 мың дана) тазалау бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізілді. Қорғау бөгеттерін салу (53 шақырым) және жөндеу (114 шақырым); жағалауды бекіту (95 шақырым), түбін тереңдету (255 шақырым), су тасқыны қауіп бар өзендердің арналарын түзету (71 шақырым) және су бұру арналарын орнату (192 шақырым) бойынша жұмыстар ұйымдастырылды. Елді мекендерден 15 млн астам текше метр қар шығарылды.

– Су тасқыны жағдайына мониторинг жүргізу және қажетті шараларды пысықтау мақсатында аэровизуалды және жер үсті тексерулер жүргізіледі. Бұған дейін біз су тасқыны жағдайы төрт өңірде: Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында сақталатынын хабарлаған болатынбыз, – деді Юрий Ильин.

Бүгінгі күні Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстарында су тасқыны жағдайы тұрақты. Ақмола облысында жағдай тұрақтанды, су тасқынының шыңы өтті. Облыс аумағында су тасқыны қауірт режимде өтті. Іс жүзінде облыстың Нұра өзенінен басқа барлық су тасқыны қауіп бар өзендерінде су деңгейі сыни деңгейден жоғарылағаны белгіленді.

Жедел әрекет ету және алдын алу іс-шараларын өткізу арқасында тұрғын үйлерді су басуына жол берілген жоқ.

Polisia.kz

Олар да отбасын сағынып жүр



Елдегі төтенше жағдай тұсында полиция қызметкерлері күндіз-түні қалтқысыз қызмет етіп, қоғам тыныштығын күзетуде. Ал оларды үйінде ата-анасы мен отбасы күтіп отыр. Ұл-қыздары қайта-қайта терезеге қарап, жол тосуда.

Қайрат ЗАЙНИШЕВ,
Түркістан облысы

Бақытбек Туғанбеков Түркістан қалалық полиция басқармасының көші-қон бөлімінің бастығы болып қызмет атқарады. Көптеген жылдар бойы ішкі істер саласында абыройлы еңбек етіп келе жатқан подполковниктің қызмет бабында жеткен жетістіктері көп. Covid-19 пандемиясына қарсы елде төтенше жағдай жарияланған тұста Бақытбек Баяділұлына тағы да үлкен жауапкершілік жүктелді. Біліктілігі жоғары маман Түркістан қаласына Шымкент бағытынан кіре берістегі Ынтымақ тосқауыл бекетіне жауапты болып бекітілді.

– Жалпы жағдай қалыпты. Шымкент қаласы жабылған соң көлік саны азайды. Тосқауыл бекетінде алты дәрігер халықты тұрақты тексеруден өткізуде. Ал полиция қызметкерлері планшетке мәліметтерді енгізіп жатыр. Жұмыс бабында

өзіміздің қауіпсіздігімізді де қатаң сақтап отырмыз. Қолғаптар мен бетпердені уақытылы ауыстырып, киімдерімізді де залалсыздандырып тұрамыз, – дейді подполковник.

Көзге көрінбейтін вирусты жеңу, әрине, қиындықсыз болмайды. Ол үшін тек тәртіп сақтап, үйде отыру қажет. Қоғамдағы бұл ұстанымға бағынбайтындар бүгінде заң алдында жауапкершілікке тартылуда.

Мысалы, Түркістан қаласындағы дәмханалардың бірінде «құдалық, төтті шай» жасаған азамат анықталып, оған Түркістан қалалық сотымен 26 мың 510 теңге айыппұл салынған. Еріктілердің көмегімен 13 құқық бұзушылық анықталып, заңға сәйкес ҚР ӘҚБтК-нің 476-бабымен «Төтенше жағдай режимін бұзу» бойынша хаттама толтырылған. Оған қоса дәмханада туған күнін жасаған азамат бес тәулікке қамалыпты.

Сондай-ақ тосқауыл бекеттерге келушілердің ішінде ережеге

бағынғысы келмейтіндерге де қатаң шара қолданылуда.

Мұндай оқиға Мақтаарал ауданы Атакент кентінде орын алған. Мас күйде келген жергілікті тұрғын полиция қызметкерінің тыйым салынған аумаққа кіруге болмайтындығы туралы ескертпесін елемеген. Аталған жәйт, Мақтаарал АПБ СДТБТ-не енгізіліп, ҚР ҚК-нің 380 – бабына сәйкес «Билік өкіліне қатысты күш қолдану» бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде.

Тосқауыл бекеттерінде тұрған тәртіп сақшыларының ішінде нәзік жанды арулар да бар. Солардың бірі, Кентау қалалық ПБ ЖПҚ УПИ Назым Мұхтарқызы Кентау Құшата тосқауыл бекетінде қызмет атқаруда.

– Мен ата-анам мен бауырларымды қатты сағындым. Сіздердің үйде болғандарыңыз біз үшін үлкен көмек. Сондықтан үйде болыңыздар, – дейді ол.

Қалай айтсақ та, Covid-19 пандемиясымен күресіп жатқан дәрігерлер мен полиция қызметкерлерінің еңбегі ерен. Сондықтан сіз бұл күндері үйде болсаңыз, олар да қиын күндерді тезірек жеңіп, отбасына ертерек оралатыны анық.

Polisia.kz

Әпербақандарға қылмыстық жаза кесіледі

Алматы облысының полициясында билік өкілдеріне қатысты күш қолдануға байланысты 12 қылмыстық іс тергелуде.

Елімізде төтенше жағдай режимі енгізілген сәттен бастап Алматы облысы аумағында билік өкіліне қатысты күш қолдану деректері бойынша (ҚР ҚК 380 б.) 12 қылмыстық іс тіркелген. 8 іс сотқа айыптау актісімен жіберілген.

– COVID-19 пандемиясы жағдайында полиция қызметкерлері тәулік бойы карантиндік іс-шараларды қамтамасыз етуге жұмылдырылған. Бақылау өткізу тосқауыл бекеттері қойылып, елді мекендердің көшелері және т.б. орындар бақылауға алынды. Аталған барлық қауіпсіздік шаралары азаматтардың игілігі үшін жүргізілуде. Дегенмен, адамдар өзінің, туыстарының және жақындарының қауіпсіздігіне деген жауапсыздық салдарын ескермей, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қатысты заңға қайшы әрекеттерге барып, енгізілген жалпы шектеулерді бұзуға тырысады, – деп хабарлайды Алматы облысы ПД Тергеу басқармасы бастығының міндетін атқарушы Руслан Чарапиев.

Талдау мұндай қылмыстардың басымы бөлігі алкогольдік масаң күйдегі азаматтар тарапынан жасалатындығын көрсетті. Барлық қылмыстар өздерінің қызметтік міндеттерін орындап жүрген полиция қызметкерлеріне қатысты жасалуда.

– Облыстық ПД-нің барлық қылмыстық істері Тергеу басқармасының бақылауында, әрбір іс бойынша күдікті адамдар міндетті түрде УО-ға қамаққа алынады. Осыған орай, азаматтарды барлық сақтық шараларын және полиция қызметкерлерінің заңды талаптарын қатаң сақтауға шақырғым келеді. Өзіңізді және жақындарыңызды сақтаңыздар, – деп толықтырды Руслан Чарапиев.

Polisia.kz

Екі сағатта – 2 мыңдай сұрақ

Екі мыңға жуық ақмолалық онлайн режимінде төтенше жағдай бойынша сұрақ қоюға мүмкіндік алды.



Әсем ӘБДІРАХМАНОВА,
Ақмола облысы

«Жолда қабылдау» республикалық акциясы аясында халықпен кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында Ақмола полицейлері тұрғындарды толғандыратын сұрақтарға онлайн режимінде жауап берді. Диалогқа әкімшілік полиция басқармасының, жергілікті полиция қызметінің және көші-қон қызметінің бастықтары қатысты. Сондай-ақ аймақта енгізілген карантиндік режимді ескере отырып, іс-шараға Төтенше жағдай штабының жетекшісі, полиция майоры Айдос Исаев пен кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары Жаслан Айдрахманов қатысып, жазылушылардың сұрақтарына жауап берді.

Тікелей эфирдің екі сағатында 2 мыңнан астам пайдаланушы өздерін толғандыратын сұрақтарын қойды. Жеке автокөлікпен жүріп-тұруға тыйым салуға, карантиндік режимді аяқтау мерзімдеріне, сондай-ақ тосқауыл бекеттерін кесіп өтуге қатысты мәселелер ең танымал болып отыр.

Полиция қызметкерлері өз құзыреті шегінде барлық сұрақтарға

жауап берді, сондай-ақ ақмолалықтарға төтенше жағдай режимін сақтау қажеттілігі, белгіленген талаптардың кез келген бұзушылығы үшін жауапкершілік туралы тағы да еске салды.

Төтенше жағдай штабының басшысы Айдос Исаевқа келіп түскен ең танымал сұрақтар тосқауыл бекеттері арқылы кедергісіз жүруге өтінімдерді қарастыру мәселесі болды. Осы сұрақтарға жауап бере отырып, полиция майоры көбінесе қарау мерзіміне қажетті құжаттардың дұрыс толтырылуы әсер ететінін айтты. Сондықтан азаматтарға өтінім беруге мұқият қарауды өтінді, егер құжат дұрыс жасалса, онда рұқсатты бір тәулік ішінде алуға болады.

Акция ұйымдастырушылары азаматтарға полиция, бірінші кезекте, Ақмола облысының бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулысын орындайтынын еске салды. Төтенше жағдай режимі мен қаулылардың тыйымдарын бұза отырып, адамдар өз денсаулықтарын ғана емес, сонымен қатар облыстың барлық тұрғындарының денсаулығын да қатерге ұшыратады.

Қорғаныс құралдары жеткілікті

Пандемияға қарсы күресудегі ортақ істе карантин аумақтарында және бес тосқауыл бекетінде кезекшілікте жүрген қызметкерлерге үлкен жауапкершілік артылған. Жұмыс кезінде қызметкерлер өз денсаулықтарын қатерге тігіп, жүздеген адамдармен байланысқа түседі.



Юрий КЛЫКОВ,
СҚО

«Батыс» бекетінде полицейлер Қызылжар, Мамлют, Жамбыл аудандарының қала маңындағы елді мекен тұрғындарының автокөліктерін тексереді. Тосқауыл бекетінің жетекшісі СҚО ПД Жедел-криминалистикалық басқармасының бөлім бастығы, полиция подполковнигі Евгений Богачевтің сөзінше, ауысым құрамына полиция қызметкерлері, ветеринария қызметі, медициналық қызметкерлер және әкімдік қызметкерлері кіреді. Кезекші ауысым керек-жарақтың барлығымен, яғни денеге тигізбейтін термометрлермен, дезинфекция құралдарымен, жеке қорғаныс құралдарымен, қолғаптармен, бетперделермен, костюмдермен жабдықталған.

СҚО ПД бастығының бірінші орынбасары, полиция полковнигі Қанат Айтбаевтың айтуынша, қызметкерлердің денсаулықтарын сақтауды қамтамасыз ету ерекше бақылауда. ҚР Ішкі істер министрі,

полиция генерал-лейтенанты Ерлан Тұрғымбаевтың бастама-сымен бірыңғай үлгіде көп рет қолданылатын обаға қарсы қорғаныс костюмдері әзірленіп, пайдалануға берілді. СҚО-да оларды тігумен Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті айналысады. Бүгінгі күні солтүстікқазақстандық тәртіп сақшыларының 68-і қорғаныс костюмімен жабдықталған, бір-екі күнде тағы 250 жиынтық дайын болады.

СҚО ПД Медициналық қызметінің қызметкерлері тосқауыл бекеттеріндегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға күнделікті мониторинг жасайды. Бұдан басқа өткен аптадан бастап полицейлерде қауіпті инфекцияның бар-жоғын анықтау үшін медициналық тексеріс жүргізілуде. Облыстың бекеттеріне жұмылдырылған 280 полицей тексерістен өтті. Барлығының нәтижесі – теріс. Жуырда медицина қызметкерлері солтүстікқазақстандық полицияның жеке құрамын түгел тексермек.



Жаңа көлікті тіркеудің онлайн жолы бар

Қазақстандықтар енді автосалоннан сатып алған жаңа көліктерін egov.kz электронды үкімет порталы арқылы онлайн түрде тіркей алады.

**Гүлсім ХАЛЕЛҚЫЗЫ,
Нұр-Сұлтан**

Ол үшін автокөлікті сатып алуға мәміле жасай отырып, автосалон өкілі көлік құралын egov.kz порталы арқылы тіркеуге өтінім беруге тиіс.

Оған қажетті құжаттарды бекіту, автомобильдің VIN-кодын, сондай-ақ клиенттің ЖСН көрсету маңызды. Аталмыш өтінім сатып алушының жеке кабинетіне түсетін болады.

Сатып алушы осы өтініммен порталдағы жеке кабинетте танысып, мемлекеттік нөмірлік белгіні таңдап, мемлекеттік баж салығын және тіркеу алымын төлеп, өтінімді өзінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен (ЭЦҚ) қол қойып, растауы қажет.

Дайын техникалық құжатты және нөмірлік белгіні сатып алушы тиісті хабарламаны алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде арнайы ХҚКО-дан ала алады. Сонымен қоса қызмет алушы алдын ала ресімделген сенімхат бойынша құжаттарды және мемлекеттік нөмірді үйге жеткізу бойынша автосалон қызметін пайдалана алады.

Есірткі жасап, «кәсіп» қылған

Ақмола полицейлері Бестөбе ауылының тұрғынынан 14 килограмм марихуана тәркіледі. Күдікті қарасора тектес өсімдікті пайдаланып, есірткі затын өзі жасап, сатып отырған.

**Әсем ӘБДІРАХМАНОВА,
Ақмола облысы**

Есірткі сатушыны ұстау бойынша арнайы операция 13 сәуірде күдікті тұратын Бестөбе кентінде өткізілді. Алдын ала Есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасының қызметкерлері қала тұрғынының өңір аумағында есірткіні сатуға қатыстылығын дәлелдейтін бірқатар жедел іс-шаралар өткізді.

Санкцияланған тінту барысында полиция қызметкерлері қызметтік иттің көмегімен жеке үйдің жапсарлас құрылысынан полиэтилен және қағазға оралған, сондай-ақ көлемі 5 литр пластик ыдыстарға салынған 14 килограмм марихуана тапты. «Дайын» марихуанадан басқа жедел уәкілдер кептірілген сораның 49 бұтасын және 2 грамм «ташиш» тәркіледі.



Қазіргі уақытта полиция қызметкерлері Бестөбе кентінің жұмыс істемейтін тұрғынынан осындай есірткі затының қайдан шыққанын, сондай-ақ оны Ақмола облысына жеткізу жолдарын анықтауда.

48 жастағы кент тұрғынына қатысты ҚР ҚК 297-бабы бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізілуде (есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, сол тектестерді заңсыз дайындау, өңдеу, сатып алу, сақтау, өткізу мақсатында тасымалдау, жөнелту немесе сату). Күдікті ұсталды және уақытша ұстау изоляторына қамауға алынды.

Бостандыққа дайындау – психологтың міндеті

Өмірінің біраз жылын жабық мекемеде өткізіп, қоғамнан оқшауланып қалған сотталғандарды бостандыққа шығуға дайындау ҚАЗ департаментіне қарасты мекеме психологтарының кезекті міндеттерінің бірі болып табылады.

**Дана ДОСТАНОВА,
Қызылорда облысы**

Қызылорда облысы ЗК-169/1 мекемесінің аға инспекторы, психологы Айзат Мырзалы жаза мерзімінің соңымен босатылған А.есімді сотталған азаматқа психологиялық көмек көрсетті.

– Бұл шара жазаны өтеу орнынан босап шыққан азаматтың жаңа жағдайларда одан әрі өмір сүруде психологиялық иммунитетін бекіту бағытында болды. Мекеменің сотталғандарға арналған Босансу бөлмесінде болған жүздесу екі тарапқа да ыңғайлы, еркін түр-

де өтті. Мұндай бетпе-бет жүздесу босатылушының қимыл іс-әрекетін, мінез-құлық, көңіл - күйін бақылай отырып, жағымды жаққа бағыттауға қолайлы, – дейді психолог А. Мырзалы.

Сонымен қатар сотталғанның бостандықтағы ой-өрісін, оның сезімін, әдеттерін жаңа жағдайларда тиісті мінез-құлықты қалыптастыруда психологиялық жағдайдың икемін белсендетуге көмек берілді.

Жазасын өтеп шыққан А. есімді азамат алдағы уақытта жасаған қателігіне жол бермейтінін, қайтадан қылмысқа бармайтынын айтты.

Құтқарушы – мәңгілік мамандық



Еліміздегі өрт сөндіру қызметінің қалыптасу тарихы өткен ғасырдан бастау алады. Тәуелсіз Қазақстан Республикасында «Өрт қауіпсіздігі» туралы Заңына 1996 жылғы 22 қарашада Тұңғыш Президент Н. Назарбаев қол қойды.

**Қанжарбек ТОҚТАҒҰЛОВ,
Жамбыл облысы**

Өткенге зер салсақ, Қазақстан аумағында өртке қарсы командардың құрылуы мен қызметке кірісуі XIX ғасырдың аяғында, яғни қазақ жұртшылығының отырықшылыққа бейімделу кезеңіне түспә-түспә келеді. 1931 жылдың 27 шілдесінде Әулие-Ата қалалық кеңесінің отырысында Өрттен қорғау күзетінің бастығы Рубцовтың ақпараты тыңдалды. Аталмыш отырыста бес адамнан құралған өрт сөндіру бөлімінің қалалық басқармасын құру жөнінде шешім қабылданды. Сондай-ақ қала орталығынан 15 адамнан құралған өрт сөндіру командасын құру мәселесі қарастырылып, қалалық кеңестің қарамағындағы бес атқа жегілетін арба мен барлық өрт сөндіру құралдары өрттен қорғау бөліміне бөлініп берілді.

Міне, осылайша 1931 жылдың 27 шілдесі Жамбыл облысы тарихында өртке қарсы қызметтің құрылған күні болып саналады.

Жалпы, кез келген от жауынгерлерін алып қарайтын болсақ, олардың әрқайсысы – жеке – дара батыр. Олардың қызметтегі әр күні түрлі оқиғаға толы. Мысалы, біз, қарапайым адамдар, бейбіт өмірде шайімізді ішіп, балаларымызды балабақшаға алып барып жүргенде-ақ, әлгі құтқарушылар сол уақыт аралығында бірнеше жанды ажал тырнағынан құтқарып қалуы мүм-

кін. Өмір – ойыншық емес. Осынау күрделі де қиын өмірде сіз тұратын жерде құтқарушының болғаны аса маңызды.

Өртке қарсы қызмет құрылған күнінен бастап түрлі сипаттағы апаттар мен қайғылы жағдайларды бастан кешіріп келеді. Электр сымның қысқа тұйықталуы дейсіз бе, мүмкін ток көзінде ұмыт қалған үтік болар, не болмаса сөндірілмеген темекі тұқылы немесе адамдардың табиғат аясына шыққан демалысынан кейінгі орман өртінің тұтануы дейсіз бе, міне осындай жағдайлардың барлығында өрт сөндіруші-құтқарушылардың жүретіні жасырын емес. Олар кейде күніне 20-25 рет өрт оқиғасы мен түрлі сипаттағы шақыртуларға шұғыл аттанып жатады. Сондай шақыртулардың артында талай құтқарылған өмір жатыр...

Сонау Ұлы Отан соғысы жылдарында жұрт жаумен жағаласқанда, от жауынгерлері тілсіз жаумен алысты. Соғыстан кейінгі жылдарға көз салсақ, «Өрттегі ерлігі үшін» медалімен біздің Жамбыл облысының Хамит Нұржанов, Анвар Шайқрамов, Убай Аулиеходжаев, Иван Мишин секілді құтқарушылары марапатталыпты.

Ал одан беріге көз салсақ, яғни 1968 жылы қарт кісіні құтқарып, нәтижесінде өзі орны толмас қазаға ұшыраған Балтабай Ниязовтың ерлігі ел есінен кетпек емес. Сондай-ақ Тараз қаласында газ толтыру бекетінде орын алған өрт оқиғасы кезінде

қала жұртшылығының өмірлеріне үлкен қауіп төнгенде, қызуы бет шарптитын қызыл жалынға қарамастан өрттің ішіне қойып кетіп, газ бекітпесін бұрап, тілсіз жауды ауыздықтаған Керімхан Архабаевтың ерлігі де бүгінде тарих бетінде жазулы тұр. Жаңатас-Қаратау қалаларында орын алған табиғи апат, дүлей боран кезінде бірнеше жанның өмірін құтқарып, қайта қалпына келтіру жұмыстарына белсенді түрде қатысқан Қанат Жаныспаев Елбасы Н. Назарбаевтың қолынан «Ерлігі үшін медалімен» марапатталып, облыс мақтанышына айналды.

Бір таңғаларлығы, әр күн сайын ерлік жасап жатқандығына қарамастан от жауынгерлері әрдайым өздерін қарапайым қалыпта ұстап, қиын әрі қауіпті қызметтерін үлкен құлшыныспен атқарудан еш шаршаған емес. Олардың өрт оқиғалары мен қайғылы жағдайларға әбден еті үйренгені соншалықты, ол жөнінде жақындарына онша көп әңгімелей бермейді. Дегенмен олардың атқарған әр ісіне қалың ел әрдайым куә болып келеді. Халық олардың жұмыстарына әлдеқашан-ақ жоғары баға беріп, оларды қазірдің өзінде батыр ретінде санайды. Дегенмен сіз оларды күнделікті қайнаған өмірде дүкенде немесе көшеде ұшырастыра қалсаңыз, әрқайсысының өмір жолында бірнеше жанды ажал тырнағынан арашалап қалған батырлық әрекеттерін танып, біле алмайтыныңыз анық. От жауынгерлері – өрмінезді, рухы мықты, қайсар жандар. Осындай адамдар ортамызда жүргенде, құтқарушы мамандығы – мәңгілік мамандық болып қала бермек.

Тал егу де тәрбие

Жерге тіккен жас шыбық тамырын жайып, мәуелі бәйтерекке айналар осы бір шуақты сәт көгалдандыру жұмыстарын жүргізуге таптырмайтын мезгіл саналады. Мамыражай мезгілдің ерекшелігін ерте түйсінген ата-бабамыз атыз-арықты қоқыстан тазартып, тал-дарақ егіп, мәре-сәре болысқан.

**Айгүл НҰРМАНОВА,
Қызылорда облысы**

Атадан қалған осынау игі бастаманы жалғастырған Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаменті мен Өрт сөндіру қызметінің жеке құрамы жыл сайын көктем мезгілінде тал егуді дәстүрге айналдырған. Бұл жылы да арнайы алынған 150 түп көшет өрт сөндіру бөлімдері мен департамент ғимаратының айналасына егілді.



Көшет отырғызу шарасына департамент бастығы, азаматтық қорғау полковнигі О. Бержанов бастаған қызметкерлер бір кісідей жұмылдырылды.

– Тал егу акциясы – сауапты іс. Жайқалған әрбір ағаш бейбітшіліктің нышаны, сондай-ақ, жасыл желек табиғаттың нәзіктігін әрқашан еске салып тұрады,

– деді өз сөзінде департамент бастығы.

Бүгінгі егілген әрбір көшет тамырын тереңге тартатынына сенімдіміз, себебі олар әрдайым көмекке дайын құтқарушы – өрт сөндірушілердің риясыз көңілімен отырғызылды. Осындай игі бастамаға шаһардың әрбір тұрғыны үлес қосса, қаламызда жасыл желек жайқалып тұрады сөзсіз.

4500 сағатын су астында өткізген ардагер

Бүгін өңірлік Төтенше жағдайлар департаментінің «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» ММ бастығының орынбасары Владимир Власов 65 жылдық мерейтойын атап өтіп жатыр. Облыстық Төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Самат Асаинов мерейтой иесін құрметті еңбек демалысына шығуымен құттықтап, оған алғыс хат табыс етті.



Берік САДЫРХАНОВ,
Павлодар облысы

Власов Владимир Михайлович 1955 жылы 22 сәуірде Павлодар облысы Қашыр ауданының Тихомировка ауылында дүниеге келген. Ол Павлодар индустриалды институтында «Инженер-механик» мамандығы бойынша жоғары білім алды. Жалпы жұмыс өтілі 38 жылды құрайды, оның ішінде төтенше жағдайлар

саласында 34 жыл еңбек етті.

Владимир Михайлович суға кетіп бара жатқан елуден астам адамды құтқарып қалды. Оның су астында өткізген уақытының жалпы саны 4500 сағатты құрайды.

Адамдардың өмірін құтқару ісіндегі қажырлы еңбегі үшін ол «Суға батқандарды құтқарғаны үшін», «Еңбек ардагері», Халықаралық Азаматтық қорғаныс ұйымының медальдарымен, «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 10 жыл» және «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 20 жыл» мерейтойлық медальдарымен марапатталды. Оның еңбегі үкіметаралық деңгейде де атап өтілді. Владимир Власов Ресей Федерациясы Төтенше жағдайлар министрлігінің «Құтқару саласындағы достастық үшін» медалінің, ҚР ТЖМ «Төтенше жағдайлар жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісінің иегері.

Владимир Власов жұбайымен бірге екі бала мен төрт немере тәрбиелеп өсірді. Қазіргі кезге дейін ол жедел-құтқару жасағының басшысы, құтқарушы лауазымындағы өзінің көп жылдық тәжірибесі мен білімін жас құтқарушыларға беріп келеді.

Мерейтой иесінің құтқару саласындағы көп жылдық тәжірибесін атап өткен Самат Асаинов оған ҚР ІІМ Төтенше жағдайлар комитетінің басшылығы және жеке өз атынан алғыс айтты.

Учаскелік инспекторға барлық қасиет қажет

Осы бір қызығынан гөрі қиындығы басым мамандықты таңдап, батылдық пен табандылықты бойына сіңірген, адалдық пен әділеттілікті ту еткен жанның бірі – Қарағанды қаласының ПБ Теміржол ПБ Жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны Қаныбек Азиров.



Сәулет ХАМЗЕҚЫЗЫ,
Қарағанды

Қызметіне адал полиция қызметкерлері қандай қасиеттерге ие болуы керек деген сауалымызға: «Ең әуелі полиция қызметкерлері адам турғыдан адал, шыншыл, өз ісін бүге-шігісіне дейін меңгерген, жан-жақты білімді, сонымен қатар алдына келген азаматтардың мәселесін шешіп бере алатындай білікті болуы

керек» деп жауап берді Қаныбек Азиров.

Қаныбек Рахметұлы 1989 жылы Қарағанды облысының Ақтоғай ауданына қарасты Ақтас ауылында көп балалы отбасында дүниеге келген. Ол 2006 жылы мектепті үздік аяқтаған соң

«Болашақ» университетінің филология факультетіне оқуға түсіп, оны ойдағыдай тәмәмдап шығады. Жоғары оқу орнын аяқтағаннан кейін Қаныбек Отан алдындағы борышын өтеуге аттанып, Алматы қаласында орналасқан №28237 әскери бөлімінде қызмет етті. Әскерден оралған соң өзі білім алып шыққан мектебінде ұстаздық еңбек жолын бастайды. Әйтсе де, Қаныбектің арманы –

құқық қорғау саласында қызмет ету болатын. Сол бір арманына жету мақсатымен 2004 жылдың басында ішкі істер органдарына жұмысқа орналасады. Дәл сол жылы Қарағанды экономика университетінің «құқықта» факультетіне сырттай оқуға түсіп, оқуын жалғастырды. Оқуын ойдағыдай тәмәмдаған Қаныбек бүгінде құқық қорғау саласының білікті қызметкері болып еңбек етіп жүр.

Қаныбек Азиров өз ісін жетік білетін қызметкер ретінде әріптестері ортасында да абыройлы. Алдына қойған мақсатына жетпей қоймайтын табанды бұл жігіттің еңбегі құзырлы органдар тарапынан талай рет марапатталды.

«Мақсатқа ұмтылу, патриоттық қасиетті, адалдықты осы қызметім арқылы шамам келгенше жас жеткіншектерге үлгі еткім келеді», – дейді Қаныбек Рахметұлы.

Міндетті мінсіз атқаруға деген ынта мен халыққа қызмет көрсетуге дайын құқық қорғаушы үшін алынбас асу, бағынбас қамал жоқ. Еліміздің аман, жұрттымыздың тыныш болуына адал еңбегімен атсалысып жүрген құқық қорғаушылардың еңбектері жемісті болуына шын жүректен тілектеспіз.

Курсанттың қырағылы

Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының кәсіби даярлық факультетінің 4-курс курсанты, полиция кіші сержанты Данияр Дуамбеков Рудный қаласында учаскелік полиция инспекторы лауазымында кәсіби оқу тәжірибесінен өту кезінде ұрлықтың бетін ашты.



Орынбасар УАҚПАЕВА,
Қостанай облысы

Осы оқиғаға толығырақ тоқталсақ. Полиция кіші сержанты Данияр

Дуамбеков ағымдағы жылдың 13 сәуірі күні тәуліктік қызмет атқаруға түседі. Қызмет атқару барысында жедел басқару орталығына ұрлықтың жасалғандығы туралы хабарлама келеді. Хабарлама түсісімен, жас тәртіп сақшысы қылмыстың ізін суытпай, қылмысты ашуға кіріседі. Бірер уақыттан кейін Данияр бала арбасын ұрлаған 34 жастағы ұрлықшыны анықтайды. Осы дерек бойынша сотқа дейінгі тергеу жұмыстары жүргізілуде. Қырағылығын, кәсіби білімін көрсете білген Даниярдың бұл алғашқы ашқан ісі болып табылады.

Даниярдың өзіне келсек, ол өте қарапайым, сабырлы, ақылды, талапты жігіт. Академияның «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жастар бастамасының» белсенді мүшесі болып табылады. Оқу ордасының

шығармашылық, ғылыми және спорттық іс-шараларына белсене қатысады. Дебат, КВН, волейбол, баскетбол, студенттер арасындағы ғылыми конференцияларға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы республикалық, облыстық және қалалық іс-шараларға белсене қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр. Академияның жас курсанты Данияр Дуамбековтің осындай жас та болса, қылмысты ашуы – біздің оқу ордамыз үшін қуаныш және мақтаныш.

Қазақстан Республикасы ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бүгінгі курсанттары – ертеңгі болашақ тәртіп сақшылары әрқашанда өздерінің жүректілігімен, тәртіптілігімен, білімділігімен, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болып, қайсарлықтарымен танылып жүр. Осы мақаланы ұлтымыздың мақтанышы, батыр атамыз Бауыржан Момышұлының: «Тәрбиелі – тәртіптің құлы, тәртіпті – елдің ұлы» деген қанатты сөзімен аяқтағым келеді.

«Қазәуеқұтқару»: ӘУЕДЕН КӨМЕК КҮТІҢІЗ



«Қазәуеқұтқару» мекемесінің атқаратын міндетін санамалайтын болсақ, өте көп. Олар құтқару операцияларын, ТЖ аумағынан зардап шеккендерді көшіру, әуеден барлау, санитарлық авиацияның тапсырмасы бойынша әуеге көтерілу секілді толып жатқан қызметтерді орындайды. Олар жылдың кез келген мезгілінде әуеге көтеріледі. Ал оның ішінде берілген тапсырмалардың басым бөлігі шұғыл, тез арада орындауды талап етеді.

Гүлсім ХАЛЕЛҚЫЗЫ

Шығыс Қазақстан облысында ЕС-145 Eurocopter тікұшағы қызмет етіп жүр. Бұл – жеңіл және заманауи әуе көлігі болып саналады. Тікұшақ соңғы үлгідегі медициналық құрал-жабдықтармен жарақтандырылған.

Ұшақты басқарып жүрген ұшқыштар тобының құрамы негізінен жастар болғанымен, болашағынан зор үміт күттіретін мамандар. Атап айтсақ, олар – әуе кемесінің командирлері 1- класты әскери ұшқыш Искандар Реджаметов пен Фазиз Арқат, өз ісінің шеберлері – инженерлер Әділет Ахметжанов пен Вячеслав Максимов. Мамандардың қай-қайсысы болмасын, өмірдегі өзгерістерге икемді, тез меңгергіш, техникалық жаңашылдықтарды қиындықсыз игереді. Ал бұл қасиеттердің барлығы жоғары сапа мен сеніммен ұшуға мүмкіндік бермек.

Ұшқыштар көп даярланады. Олар құтқарушыларды қажетті аумаққа жеткізу және сол жерге түсіру, сондай-ақ төтенше жағдай кезінде адамдарды құтқару дағдыларын әрдайым шыңдаумен болады.

Биылғы жылдың басынан бері олар 120 сағат ұшқан. Олардың басым көпшілігі санавиацияның мәселелеріне қатысты болды. Медициналық жедел жәрдемді қажет ететін науқастарға асыққан медицина қызметкерлері өз өмірлерін Қазәуеқұтқару қызметінің ұшқыштарына толықтай сеніп тапсыра алады. Ал ол ұшқыштар оларды тіпті қолайсыз ауа райы кезінде де Шығыс Қазақстанның кез келген жеріне жеткізе алады. Мәселен, Жыл басынан бергі үш жарым ай ішінде олар жаңа туған 14 сәбиді, үш жүкті әйелді және 12 ауыр науқас пен жарақат алған адамды әуемен жеткізді.

Қазіргі таңда төтенше жағдай жарияланғалы бері санавиацияның тапсырмасы бойынша әуеге жиі көтерілуде. Ұшқыштар барлық санитарлық-гигиеналық талаптарды қатаң сақтайды. Әрбір әуеге көтеріліп келгеннен кейін әуе кемесі залалсыздандырылады. Ал соңғы науқасқа үстеріне арнайы костюм киіп, ұшып баруға тура келді. Дегенмен арнайы киім ұшқыштарға өз жұмыстарын орындауға және дәрігерлер мен науқасты тиісті жерге жеткізуге еш кедергі келтірген жоқ.

Айдауылдың міндеті босансуды кешірмейді

Ұқыптылық, сабырлық және зор жауапкершілікті талап ететін полиция қызметкерінің өз өміріне де қауіп төнуі мүмкін. Ал аса қажет қылмыскерлерді құрықтауда батылдықпен қатар, білім мен мен біліктік те жоғары болуы қажет.

Қайрат ЗАЙНИШЕВ,
Түркістан облысы

Отырарлық Нұрсұлтан Төреханов полицей болуды жастайынан армандаған. Бүгінде шен тағып, қызметке кіріскен ол әрбір тапсырманы үлкен жауапкершілікпен атқарып жүр. Еңбек жолын Алматы қаласындағы күзет агенттіктерінің бірінен бастаған жас маман 2017 жылы туған жері Отырар ауданына оралады. Аудандық полиция бөлімінің айдауылдау бөлімшесінің полицейі болып қызметке орналасады. Бүгінде аға сержантқа қызмет бабында ешқандай босансуға болмайды. Себебі, оның қызметі әрбір сәт қырағылық танытып, сақ болуды талап етеді.

– Сот шешімі шыққан қылмыскерлерді түзету мекемелеріне жеткізіміз. Жол бойына көз алмай, қарап отырамыз. Себебі, біз оларға жауаптымыз. Соттың шешіміне дейін де күдікті немесе қылмыскер адамды тасымалдаймыз. Әрі сотта да күзетеміз. Сондай-ақ сот үкімі шықпағандарды уақытша ұстау изоляторларына жеткізіміз. Изолятордан сотқа, прокуратураға, түзеу мекемелеріне, сараптамаға тасымалдаймыз, – дейді аға сержант. Нұрсұлтан Мұратханұлы 1994 жылы Отырар ауданында дүниеге



келген. Аудандағы орта мектепті бітірген соң Шымкентте жоғары білім алады. Спортты жаңына серік еткен жас маман, қолы қалт еткен де спорт залға асығады.

Аға сержанттың арманы асқақ. Ол «Бірінші – жар таңдауда, екінші мамандық таңдауда қателеспей керек» деген қағиданы жиі ойына алады.

– Мамандық таңдаудан қателеспедім. Енді жар таңдаудан шатаспауым қажет. Болашақ қалыңдығы менің қызметімді дұрыс түсініп, қолдау білдіріп отыруы керек. Себебі менің жұмысым уақыт талғамайды, – дейді ол.

